

Ақжайық ауданы Көнеккеткен ауылдық округі Көнеккеткен ауылының кейбір көше атауларын қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Көнеккеткен ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 5 қазандағы № 6 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 қазанда № 4119 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Көнеккеткен ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Көнеккеткен ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақжайық ауданы Көнеккеткен ауылдық округі Көнеккеткен ауылының кейбір көше атаулары:

"Орталық" көшесі – "Тәуелсіздік" көшесі;

"Еңбек" көшесі – "Балдәурен" көшесі;

"Колхозная" көшесі – "Ақжол" көшесі деп қайта аталсын.

2. Көнеккеткен ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Г. Нугманова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Көнеккеткен ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

У. Кадрғалиева